В плотной программе мероприятия нашлось время для конструктивного общения сверстников. Студенты-международники СГУ Софья Сейранова и Тогром Затилян

поделались личным опытом работы в Евразийской экономической комиссии и в дипломатических учреждениях России.

Подводя итоги российско-казахстанского студенческого семинара, директор ИАЦ «Евразия-Поволжье» Марина Лапенко резюмировала:

- Участие студентов в международном обмене, безусловно, важно для получения знаний и опыта. Но не менее ценный фактор - возможность общения с ровесниками-единомышленниками, чей личный опыт, чьи достижения, вдохновляют, побуждают к действию, к поиску собственных путей и перспектив профессиональной самореализации.

Семинар завершился подведением итогов и финальной дискуссией с вручением сертификатов участникам. Также гостям была предложена экскурсия по историческим местам города на Волге.

Алима ГАРИФУЛЛИНА,
студентка 4-курса специальности
Международные отношения
факультета История экономики и право

Астрахан сатары

26-28 шілде аралығында Айдарбек Ахметұлының жетекшілігімен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында көршілес жатқан Ресей Федерациясына қарасты Астрахан губерниясы, Алтынжар ауылына сәтті сапар жасап қайттық. Сапарымыздың негізгі мақсаты - белгілі күйші, феномен, сол жердің топырағынан орын бұйырған Құрманғазы Сағырбайұлының басына құран бағыштап һәм сол өңірдегі қандастарымыздың әл-ауқатын, халжағдайын біліп қайту. Жоспарымыз толықтай орындалды.

«Қаш, Иванның» жағасында қоныс тепкен, Алтынжардың асыл халқының қазақы дәстүрін ұмытпағаны, төл тілінде еркін сөйлейтіні бізді ерекше қуанышқа бөледі. Өзге емес өз жерімізде жүргендей сезіндік ата-бабамыздың өз жері ғой, себебі ауылдың 100%-ын бауырларымыз - ҚАЗАҚТАР қоныс қылған. Мәдени шарамыздың негізі бөлімі 2005 жылы БҚО, АТЫРАУ, МАҢҒЫСТАУ облыстары бірігіп сол жерден бой көтертізген Құрманғазы бабамыздың атындағы мәдени орталықта болды (бұл орталықтың өзі бөлек әңгіме). Делегация құрамындағы өнер адамдарының орындауындағы халық әндеріне, күмбірлеген домбыра үніне, қыл қобыздың қоңыр сазына құлақтарының құрышын қандырды, әсіресе, соңғы айтылғанының үні өздерінің мұң-зарларымен мұңдас болды ма, әйтеуір, ауыл қариялары көзіне жас алды. Қазақ көгінің күні болмаса да, енді ғана жарқырап жанып келе жатырған Азамат Бақиевтің жырларын халық ұйып тыңдады. Шарамыз «Атамекен» әнімен қорытындыланды. Қазақ халқының бейресми әнұранына айналған асқақ ән алтынжарлықтарды орнынан еріксіз тұрғызып, көздеріне мөлдір, тұнық жас әкелді. Жас дейміз-ау, сол мөлдірліктен елге деген сағыныш, жерге деген көркем махаббат сезінді. Жас баланың жанарынан жауған риясыз тамшыдай,

қариялардың көз жасы бізге сондай ой түйгізді. Шара аяғында қазақ тілін үйретуге арналған соңғы үлгідегі оқулықтар, электронды әдістемелік құралдар ауыл кітапханасына, мектебіне және аталған орталыққа тарту етілді. Ауыл тұрғындарының арасынан сөз алған бір ақсақал: - бұл игілікті істі 20-25 жыл алға салып жасағанда біздің шарамыздың мәнісін түсінетін ұрпақ қалмайтынын тіліне тиек етіп, біздің дер кезінде іс қылғанымызға риза болып алғысын жаудырды.

Уақыт заңы тым қатал, оның өткен-кеткенді тарих қойнауына көметінін ескерсек, онда біздің шарамыз қазақ тілін қорғап қалуға аз да болса үлесін қосты деп бек айта аламыз.

Рахмет, ұстаз! Рахмет, қандастарым! Мен қазақты сүйемін!

Арман ҒАБДЫҚҰЛТЕГІ,
Филология факультетінің 3-курс студенті





Мәдениет және өнер

Культура и искусство
Culture and art

Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді.
Жүзасір әл-Фараби

Весь мир театр, а люди в нем актеры.
Уильям Шекспир

№4, тамыз, 2018 жыл

Дуалы ауыз

Түлекке тілек

(Диплом тапсыру сәтінде сөйленген сөз)

Қадірлі жас түлектер! Ақыл жас ұланнан, жүйрік тай-құннан боларын білерсіздер. Жастық - жалын, көрілік - құл. Жастық көкке, көрілік жерге қаратары мәлім. Әрдайым есте ұстарсыз!

Осыдан 4-5 жыл бұрын әрқайсысың арман арқалап, мақсат тұтып осы білім ордасына келгенсіз. Жылдарды артқа салып, нәтижеде ынта болса адамда, қиын іс жоқ ғаламда екенін білдіңіз. Жан қиналмай жұмыс бітпесін, талап қылмай мұратқа жетпесін аңғардыңыз. Арманы жоқ жігіттің пәрмені жоқтығын, армансыз адамның алысқа бармасын сездіңіз. Талабы жоқ жас ұлдың жалыны жоқ шоқпен тең екенін, іздеген ғана, ізденген ғана мұратына жетерін санаға түйдіңіз. Әркез ескерер түйіндер-ау!

Қымбатты түлектер! Жақсылық екен алғыс орады емес пе? Біздіңше, ұстаздарыңыз бүгінгі күні факультет

бойынша 175 жақсылық егіп отыр, енді, бұйыртса, алғыс ормақ. Үміт сіздерде! Біздің білеріміз - тәрбиелі адам тағалы атпен тең. Сынықтан өзгенің бәрі жұғары даусыз. Ананың ізін қыз басары, атаның ізін ұл басары, айтушы ақылды болса, тыңдаушы дана болары кәміл. Демек, жақсының үлгісі - жанып тұрған шамдай. Университет қабырғасындағы көрген-түйгендеріңіз ешқашан да ұмытылмақ емес. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, ұлы жол университет табалдырығынан басталады. Нағыз мәдениет майданында сынға түсер кез келді. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар!

Қадірменді өнер саласының жас мамандары! Жігіт көркі - өнер. Жігітке жеті өнер аз, жетпіс өнер көп емес. Өнерліге есік ашық. Өнерліге өлім жоқ. Өнерлінің өзегі талмас. Өнерпаздың он қолы бар. Қолы білген құм үстінен кеме жүргізеді. Шеберді шеге қағысынан таны дегендей, шеберлікке шек жоқтығын білгейсіз!

Сәт сапар, түлектер!

Ізгі тілекпен, мәдениет және өнер факультетінің деканы, академик А.С.ҚЫДЫРШАЕВ

29 маусым 2018 жыл

Мақал - ойдың інжуі

Қара жерде өлмейтін - Алла жіберген Сөз ғана

Ақылды адам сөзді нақылсыз айтпайды, бір айтпаса нақылды ақылсыз айтпайды деп жатамыз. Ата-баба нақылы - құндылық көзі. Өнеге - нақылдан. Ендеше, осы аталы сөз үзіктерін күнделікті тілдесім-сөйлесім барысында қолданысымыздың жайы қалай? Жалпы адамзатқа тән бағзы заманнан келе жатқан кемеңгерлік тұрғыдағы таңғажайып нақыл сөздерден үйренуіміз керек. Барша жұрт қабылдап, айтып жүретін қып-қысқа нақыл сөздер мен мақалдар барлық адамға ақиқат болып көрінбесе, ондай нақыл сөздер ғасырдан ғасырға жетпес еді. «Ұрпақтың ұрпаққа қалдырар ең асыл мұрасы - өзі бастан кешкендерден түйген азды-көпті рухани тәжірибесі. Одан қол үзген қауым - келешегінен қол үзген қауым» (Өбіш Кекілбайұлы). Бір ғажабы, қуаты мол, тапқырлыққа толы тамаша нақылдар ешқашан ұмытылмайды: олар ғасырлар бойы есте сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырады. Демек, аталар сөзі - ақылдың көзі. Бұл саптағы өлең-жырлар, тапқыр шешендік сөздер халықтың қоғамдық және рухани өмірінде көрнекті орын алады.

Ғұлама Әбунасір әл-Фараби айтқандай, адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді десек, адам бойына рухани құндылықтардың даруы нақыл сөздерді қолдану арқылы да сіңбек. Ал, нақылдап сөйлей алмаған адамға қалай қарау жөн? Халық даналығына бойласақ, айтар нақылы жоқтың, табар ақылы жоқ. Халыққа нақылмен ойлау тән. Құтып дана болжағандай, нақыл сөздер көп болғанымен, айтар адам аз. Нақышымен нық қадап, түбіне жеткізе сөйлеген адам - шешен адам. Ойшылдарға жүгінсек, ұлы адамдардың өздері де өткір сөздің қолжаулығымен жүруді жек көрмейтінін байқаймыз.

Нақыл сөздер - тиімді ғылыми тезистер іспетті. Ғылым сенің керегіңді қайдан іздеп, қайдан табатыныңды көрсетіп береді. Басқасы талпыныс, ойлау, жітілік, табандылық, зейін арқылы табылады. Халықтың асыл қасиеттері, мемлекеттік шаралардың аса мәнділігі, жиналған топтың құлшыныс-зауқы шешеннің сөзіне ерекше екпін, әрлілік үстейді. Ғалым алдында тіліңді, ұста алдында қолыңды тый дейтініміз содан.

Ал, шешен шаршы топты өрнекті ойларымен

иландырады, оның ұлылығы асқан шабытпен, құлшыныспен, пафоспен өлшенеді. Демек, сөзінің оттылығымен, жарқылымен, күшімен, көріктілігімен баурап алады. Сол себептен де өнерлі шешеннің орны өзір дейміз. Шешеннің өнерінен дара ғибрат қалар дейміз. Асылы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы: «Бұлбұлдан шешен бір құс жоқ, бармақтай-ақ қарасы, Оқтан жылдам ажал жоқ, тырнақтай-ақ жарасы», - деп тегін айтпаса керек-ті. Бұл ретте де Шәкәрімнен «шешеннің нақылы ортақ, көсемнің ақылы ортақ» деген тұжырым қалған.

Нақыл - ой тұнбасы. Тұңғыш ойлар - өзін ештеңемен суырып ала алмайтындай тұрғыда ақылға сіңірілген мық шеге. Құстың қапелімде жерге түсіріп алған жалғыз дәннен кейде уақыт өте келе тұтас бір орман, жаңа бір туынды өсіп шығады... Кемеңгерлердің нұрлы ойларымен танысу таңғажайып ой жаттығуы іспетті. Ақылды құнарландырып, ойды сындарлы етеді. Жасқа да, жасамысқа да қажетсіз болуы мүмкін емес. Мақалдар - мол өнеге көзі, басқаша айтқанда, нақыл сөздер ой толғауға баулымақ. Л.Н.Толстойдың бірде: «Менің өзгенің ақылымен өмір сүргім келмейді, қажет болса, өзім ойлап аламын» дегенді жастар тарапынан жиі естиміз. Ойлап қойылғанды ойлап жатудың қажеті қанша? Барды ал да, ілгері жылжы. Адамзаттың күші осында», - дегені бар-ды, Ендеше, аталы сөз - тоғыз қабат қорғаның. Қасиетті сөздер өздерін қайталаттырып оқыттырады.

Сөз асылы - мақал. «Мәтел - гүл, мақал - жидек» (В.И.Даль). Бақсақ, халықтың данышпандығы, рухы, мінез-құлқы оның мақалдарынан көрініс таппақ. Біздіңше, мәтел - сөз оралымы қалыптаспаған сөйлеу элементі, мақал - аяқталған түйін, тұжырымды ой. Мақал - ойдың інжуі. «Мақал дегеніміз - замананың сұқ саусағында мәңгі бақи жарқырайтын бес әріптен құралған асыл жүзік» (А.Теннисон). Мақал-мәтел - маржан сөз, қоса көрме арзан сөз дейтініміз содан. Осыдан көп көрген мен көп түйген көсем болары даусыз.

Білгенің жөн

Шешен сөйлеймін десем...

Тіл - сананың қызметшісі.

Тілде сүйек жоқ, бірақ сүйек уатады.

Адамның сөзі - оның ақылының өлшемі.

Көз жанары сөзден де ұғынықтырақ.

Көз де ерін сияқты шешен.

Адамды сөзінен, есекті құлағынан таныр.

Өзіңді кім тыңдап отырғанын біліп қана сөзіңді баста.

Сөзді тыңдайтын жерге айт,
Суды өнетін жерге сеп.

Алдымен тыңда, содан кейін ғана сөйле.

Жақсы сөз - қысқа сөз.

Көп білсең де, аз сөйле.

Не болса соны айтқан адам өзі қаламаған сөзді естір.

Сөздің мағынасы қалай мәнерлеп айтылғанынан танылар.

Бір сөздің өзі бірде қатқыл, бірде жұмсақ естіледі.

Нені айтсаң, соны ойла, бірақ ізетпен сөйле.

Бір сөзді екі рет қайталасаң иістенеді.

Қылышыңды екі суырма, сөзіңді екі қайталама.

Оқығаныңды емес, түйгеніңді айт.

Анық сөйлегің келсе, ашық сөйле.

Сөз тәмсілмен тамаша.

Мақал айттың - жол сілтедің, мәтел айттың - жан жұбаттың.

Мазмұнның жұпынылығын ұйқаспен де, сәнмен де жасқай алмассың.

Жақсы сөз аязда да жан жылытар.

Әзірлеген, Абат Сатыбайұлы, п.ғ.д., профессор

Нақыл сөздер - афоризмге негіз болар түйін көзі. Афоризм - өнер иіріміндегі философия не философия иіріміндегі өнер. Афоризм - философия поэзиясы. Егер де жақсы кітап - ұлттың антологиясы десек, әрбір ойлы афоризм - жеке бір жақсы кітап іспетті. Демек, афоризм - тілсіз тәлімгер.

Жақсы сөз - жанның тынысы. Демек, жақсы сөз айта білгенге не жетсін! Дәйексөзді өзгенің сөзін орынсыз қайталау деу де бар. Асылы, жаман сөз қанша болса, жақсы сөз де сонша. Ұлы іске ұлағатты сөз керектігі де даусыз. Монша тәнді сауықтырады, жақсы сөз жанды сауықтырады деп босқа айтылмаса керек. Қысқасы, білімдінің сөзі - оң, білімсіздің сөзі - тон екенін ескергенге не жетсін.

Қорыта айтсақ, нақылдап сөйлеу шешендікке әкелмек. «Шешендіктен не пайда, артында сөзі қалмаса? Батырлықтан не пайда, халқына қайран қылмаса? Хандықтан не пайда, қарашасын жалмаса? Молдалықтан не пайда, шариғатты өзгертіп, нашарларды алдаса?» демей ме атақты Төле би. Нақылдап сөйлеу ұрпағымыздың тұлпар, сұңқар сынды жетілуіне жетелемек. Бұл ретте Майқы би бабамыз айтпай ма: «Тұлпардан тұлпар туады, сұңқардан сұңқар туады. Асылдан асыл туады, жалқаудан масыл туады. Масылдан малбақпас туады, тілазардан қылжақпас туады. Сараңнан бермес туады, соқырдан көрмес туады. Мылжыңнан езбе туады, қыдырмадан кезбе туады» деп.

Иә, біліп айтқан сөзге құн жетпейді, тауып айтқан сөзге шын жетпейді. Өзің білмесең, білгендерден үйрен, үйренгеннен ештеңе кетпейді деген сол.

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
Мәдениет және өнер факультетінің деканы,
п.ғ.д., профессор

УАҚЫТ

Уақыт – әркімнің қолындағы өткізетін күйбең тірлігі немесе жоспарлы іс-әрекеті болып табылады. Мен үшін уақыт деген барымды бағалап, артымды қарайлап, алдымды шамалайтын сәт болып табылады. Себебі уақыт біреуге жаһұт жыр сыйлайды, енді келесі біреуге аяқ астынан қайғы сыйлайды. Қазіргі таңда уақытқа ғана бағынар заманда әркім өзінше бір тірліктермен кете барады. Жаңа технология өрбіген сайын соған қарай көп уақытымызды арнап, келмес кезеңді қайтіп келтіре алмайтынымыз жөнінде де ойламайтын болыппыз. Қазіргі таңда біліммен ғана әлемнің көшін ұстауға болады. Басқамен оздым деп айту ең төменгі адамның пікірі болар еді. Уақыт сахнасы әркімді әр қиянға салады. Біреуді сынап барып, ағымдар мен белдерге, жоталар мен тауларға орналастырады. Мұндағы дүниелер өмірдің межелері болып табылады. Қазіргі таңда уақыттың бағасын білетін жастар қарасы сирек. Себебі, айналамыздағы құрбыларымыз аса ауқымды шаруа тындырып жатыр деп айтуға аузым бармайды. Ауқымды іс тындыруға да терең білім керек. Ал сол білімді көңілге тоқып, санаға сіңіріп жатқандар қарасы аздау. Бәріне бірдей топырақ шашудан аулақпын, алайда ондай пенделер де баршылық. Уақыт маған не берді, не сыйлады, не ұтқызды? Уақыт маған барлық мүмкіндікті берді. Алдымен осы бір газеттің тілшісі болуды, тілшілік пен шешендікті үйретті. Талай тұлғалардан сұхбат алып, болмысымен танысып, рухани азық жинадым. Тіліне, дініне, ұлтына қарамастан сұхбатты үш тілде жүргіздім. Әрбір мақаланың өзекті болуына көп көңіл бөлдім. Тақырып өзекті болмаса, мақаланың оқылып, оқылмауы екі талай. Сондықтан қазіргі таңда 100-ге жуық ғылыми, саяси, әдеби, спорттық бағыттағы мақалалардың авторы болыппын. «Дипломды жастар қайда жүр?» атты мақаламды жазу үшін алдымен бітіріп кеткен түлектерден сұхбат алуға тура келді. Осылайша, екі азаматша, бір азаматтан сұхбат алдым. Ол



сахнасы

азамат болашақ жұбайым болып шығарын ешкім білмеген еді. Осылай Т. есімді 2015 жылы университет қабырғасынан түлеп ұшқан азаматпен жұптастым, қазіргі таңда ол экономика ғылымдарының магистрі, облысымыздағы беделді университеттің бірінде аға оқытушы қызметін атқарады. Осылайша өз махаббатымды газеттің арқасында жолықтырдым. Тек бұл газетпен шектелмей, республикалық, халықаралық газет-журналдарға да тұрақты мақала жолдап отырдым. Филолог-маман, педагог болмасамда, педагогиканың қағидаттарына шомылдым, ақындық өнерімді өмірлік ұстанымым еттім. Мен бұл өнерсіз ешкім емеспін. Ақындық қабілетімнің арқасында тұлға болып шыңдалдым. Осы бір ғана өнер өмірімнің бірнеше жолдарын ашып берді. Оның қатарына философия, педагогика, технология, лингвистика, тарих секілді ғылымдарды меңгеруіме жол ашты. Осыған дейін «Бала тілі – бал», «Жастықтың жалынды жырлары», «Сезім жаңғырығы» атты жинақтардың авторы атансам, биылғы жыл алғашқы кітабымды Астана қаласында жарыққа шығардым. Бұл кітапқа 400-ге жуық өлеңдерімді топтастырдым. Екінші бөлімі тұтастай махаббат лирикасына тұнып тұр. Мұнда өз махаббатымды жырмен ғана білдірген сәттерге куә болуға болады. Бір ғана жаңа арналған бұл өлең жолдары өзінің жоғары бағасын алып, қадамым нықталды. Уақыт маған шет елде бір семестр білім алып, тәжірбие алмасу мүмкіндігін сыйлады. Бөгде

Ауда ХАСАНОВА,
2018 жыл түлегі

ТІЛ ІШІНДЕГІ ТІЛ НЕМЕСЕ СТУДЕНТТЕР ЛЕКСИКАСЫ

Тіл – адам ойының айнасы. Адамның тіл мәдениетінен оның кім, қандай адам екенін аңғару қиын емес. Әдетте, ойы айқын кісінің сөзі де анық, дәл болады. Ойы таяз, пікірі күңгірт кісінің сөзі де берекесіз болады. Әсіресе, студент-жастардың ауызша сөйлегенде сөзді мағынасына қарай дұрыс жұмсай алмауы, нормаға қайшы сөздерді пайдаланып, қайталай беруі елдігімізге сын, тілімізді ластау, бүлдіру.

Студенттер тілінің басты функционалды міндеттерінің бірі- оның коммуникативтік қызметі. Ерекше әлеуметтік топ құрылады, сонымен қатар тілдегі жаңа қолданыстар өзінің құрдастарымен қарым-қатынас жасауға, коммуникативтік актіге түсуге бағытталады. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, студенттер тіліндегі жаргон, сленг сөздер немесе кірме сөздер қатары студенттер әлеуетінің ерекшелігі ретінде көрініс табады.

Бірінші кезекте студенттер тілінің сөздік қорының толығы жолдарын қарастыру керек, бұл көп жағдайда жастардың тілдік қарым-қатынасында қолданылатын сөздердің ерекшелігін анықтайды. Студенттер тілінің сөздік қорының толысу жолдарын студенттерге жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша төмендегідей топтадық:

Студенттер тілінің сөздік қорының «шет тілдер сөздері» арқылы толысуы;

Студенттер тілінің сөздік қорының «сөздерді қысқарту» тәсілі арқылы толысуы;

Компьютер терминдері;

1) Студенттер тілінің сөздік қорының шет тілдер сөздері арқылы толысуы; Үш тілді мемлекет болғасын ол елдің тілінде шет тілдердің сөздерінің кездесуі жаңалық емес. Ағылшын, орыс сөздерінің ауызекі тілімізге сіңіп кеткені студент жастардың сөйлеу барысында жиі байқалады. Мысалдар келтіре кетсек: *Давай, универде көрісерміз... Менің телефоным зависает...Гоу, тамақ ішіп қайтайық... Стилуха түспеді ме екен?... Кешке кездесерміз, окей?... Допустим, что мен онда бардым... Жастардың бұл қатынас құралы бүгінгі күнде ешкімді таң қалдырмайды. Бірақ, жоғарғы тілдік мәдениетке қойылатын әлемдік талап бойынша - бұл жағдай сол процеске қатысушы екі тілді де қорлау болып саналады.*

Бұл жайында доцент, филология ғылымдарының кандидаты Қайырбекова Ұ.С. өзінің «Жастар тіліне қоршаған ортаның әсері» атты мақаласында былайша сипаттама береді: «...Бір тілде еркін, әрі көркем сөйлеу – жоғары мәдениеттіліктің көрінісі. Бір тілде сөздік қоры неғұрлым бай адамға екінші тіл тез бағынады. Ал керісінше, билингвизмге тілдік қоры нашар, тіл мәдениеті төмен адамдар жиі жүгінеді. Ең өкініштісі, жастар арасында бұл құбылысты «алға басқандық, білімі тасығандықтың» белгісі ретінде ұғынатындар көп. Әсіресе еліктегіш ауыл жастары осы әдетке бейім

екендігі расталып отыр. Мұның себебі әртүрлі: бұл, біріншіден, ауылдық тұйық мәдени ортадан шыққан жастар ауылдан шыққан соң билингвизмді өздерінің ерекшелігі санай бастайды. Кейіннен ол жаман әдетке айналады. Тіпті, орысша шала сөйлейтін жастарымыз да осыған бейім келеді. Соңынан не ол, не бұл тілді меңгеріп кете алмайды. Тіпті, өзінің ана тілінде тәуір сөйлеуден де ажырап, тіл мәдениетін жоғалтады».

2) Студенттер тілінің сөздік қорының сөздерді қысқарту тәсілі арқылы толысуы; Тілде жаңа сөздің жасалуының тілдің сөзжасам жүйесінде қалыптасқан өзіндік жолы, заңдылығы бар. Тілде жаңа сөздер көне замандардан бері қалыптасқан заңдылықтар бойынша, яғни сөзжасамдық тәсілдер бойынша жасалады. Жалпы қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде көне замандардан бері қарай қолданылып әбден орныққан, қалыптасқан негізгі тәсілдері мыналар: 1) синтетикалық тәсіл; 2) аналитикалық тәсіл; 3) лексика-семантикалық тәсіл. Аналитикалық тәсіл деп екі я онан да көп сөзден бір лексикалық мағыналы сөздің жасалуы аталады. Қазақ тілінде аналитикалық тәсіл жиі қолданылатын, өнімді тәсіл болумен бірге, оның іштей бірнеше түрі бар: 1) сөзқосым, 2) қосарлау, 3) тіркестіру, 4) қысқарту.

Студенттер тілі де тіл ішіндегі тіл болғандықтан, ондағы туынды жаңа сөздер осы заңдылықтар бойынша жүзеге асады. Жоғарыда көрсетілген тәсілдердің ішінде студенттер тілінің сөзжасамында өнімді қызмет атқаратыны аналитикалық тәсіл болып табылады. Соның ішінде сөздерді қысқарту арқылы туындаған жаңа сөздер қатары студенттер тілінің сөздік қорының толысуында басты рөлдердің бірін атқарады. Әсіресе пән атауларын номинациялағанда. Мысалы, математикалық анализ, гидромаш-гидравликалық машина, филфак-филология факультеті, завкафедра-кафедра меңгерушісі т.б.

елде жүріп-ақ алғашқы поэзия кешімді екі тілде беріп, жинақтарымды көрермен қауымға тараттым. Сонда жүріп қазақтың жомарттығын, тіл өнерінің осыншалықты жоғары бағаланатынына куә болдым. Тіліміздің тазалығы мен руханилығына шетелдіктер танқалысты. Осылайша уақыт маған мол жемістер сыйлады. Алайда сол жемісті оңай ала салғаным жоқ-тұғын. Себебі әрбір жемістің астарында үлкен еңбек пен қажырлы төзім, үздіксіз ізденіс жатыр. Уақыттың құлыптары байлауы болғанымен, оның шешімі әркімнің өз қолында. Бірден шешу оңай емес болғанымен, түбі жетуге болады. Университетіме шексіз алғысымды білдіремін, себебі көптеген жарыстар бойынша Қазақстанның түкпір-түкпірінде болып, талай ақын достар таптым, қазақтың қара сөзінің қадірін білетін талай тұлғалардан бата алдым. Уақыт әркімді өз бетінен қайтармайды екен. Тек қана еріншек, жалқау, ұйқышыл жандарды ғана бетінен тайдыруы мүмкін. Университет қабырғасында жоғары біліммен толысып, мол ілімді санама тоқып, ақ пен қараны айшықтап ұқтырған ұстаздар қауымына да шексіз ризашылығымды білдіремін. Бір ғана педагогика факультетінде мықты деген оқытушылар қауымы өте көп. Бәсекемен қызмет етіп, жастарды шынайылыққа тәрбиелеуде. Педагог деген болмысты тік ұстанып, адалдыққа қана бағыттады. Осыдан 4 жыл бұрын қаланы білмейтін жас студент едім, ал қазір күллі Қазақстан мен жақын, алыс шет елдерді бағындырған тұлға атандым. Дағыстан Республикасындағы Махачкала, Дербент, Каспийск қалаларындағы кавказ тауларының ең биік шыңын бағындырып, теңіз жағасында сергілдім. Ресейдің де бірнеше қалаларында болып, тарих сахнасымен бетпесті ұшырастым. Олардың қатарында Ұлы Отан соғысының кугері атанған Волгаград, Саратов қалаларында болып келдім. Ал Элиста қаласы маған айрықша қатты ұнады. Себебі, діндері буддизм болғандықтан, елдегі айрықша храмдар, мұнаралар, ұлттық киімдері, тілі мен ділі мүлде ерекше екендігін аңғардым. Радио, телеарналарда қосымша тәжірибе жинап, бұқаралық ақпарат құралдарында бағымды сынап көрдім, талаптанып еңбектенсем, алынбайтын қамал жоқ екен. Осы уақыт аралығында А.С.Пушкин атындағы шәкіртақы иегері болдым. Уақыт сахнасы мен үшін мол межені бағындыртықызды. Осындай мүмкіндіктер сыйлаған Егемендігіміз тұғырлы, ертеңіміз айбынды болғай!..

3) Компьютер терминдері; Студенттер тілінде программист мамандардың жаргоны ерекше орын алады. Студенттер тілінде компьютерге қатысты лексика шамамен 20%-ды құрайды. Себебі бұл лексиканы тек ақпараттық жүйелер мамандықтарында оқып жатқан студенттер ғана емес, сонымен қолға дербес компьютермен жұмыс істейтін барлық жастар қолданады. Мысалы, *лень-пентиум, инет-интернет, клавиша-пернетақта* т.б.

Жоғары да атап өткендей, студенттер тілінің сөздік қорының басым бөлігін қысқарған сөздер қамтиды, ал оның себебі жастардың үнемі асығып жүруіне байланысты болса керек.

Қазіргі қоғамда өзгерістер, яғни жаңарулар көп болғандықтан, халқымыз түрлі жұмыс салаларында еңбек етеді. Әрине, оларға қойылатын талап та жоғары. Заман талабына сай әр қызметкер білімді, өз ісіне шебер, тілді жетік меңгерген азамат болуы тиіс. Жұмысқа орналасқан жастардың тіл мәдениеті жоғары болсын деген талап-қоғам талабы, заман талабы.

Ал, бұл тұрасында доцент Үрістенбекова Г.Қ. «Экология мамандығы студенттерінің тілін кәсіби тұрғыда дамыту» атты мақаласында студенттер тілін мамандығына сай кәсіби тұрғыда дамытуда кәсіби қазақ тілі пәнінің көмегі зор екендігін нақтылап өтеді.

Автор өз мақаласында соңғы жылдары жоғары оқу орындарында «Кәсіби қазақ тілі» пәні оқытыла бастағанын, яғни студенттерге мемлекеттік тілді қатысымдық тұрғыдан меңгертумен қатар олардың мамандығын ескере отырып, оқыту мәселесіне де ерекше назар аударылып жатқандығын баяндап өтеді.

Оның тұжырымдамасы бойынша бүгінгі студент – ертеңгі маман. Ол мемлекеттік тілді өз дәрежесінде меңгерумен қатар мамандығына қатысты лексиканы игеріп, іс-қағаздарын сауатты жүргізуі қажет екенін, басқаша айтқанда, тіл үйренуші алған білімін өзінің күнделікті кәсіби қызметінде пайдалана алатындай деңгейге жетуі керек деп топшылайды.

Студенттер тілінің ерекшелігін, лексиканың толығы жолдарын айқындай келе, студенттер тілін жастар мәдениеті шеңберінде ерекше жүйе деп айтуымызға болады. Олар бір жағынан, жастар дамуының баспалдағын, иерархиялық реттелуін, қоғамдағы басқа да әлеуметтік топтармен байланысын орнатса, екінші жағынан, студенттер тіліндегі жоғарыда көрсетілгендей жаргон сөздер немесе билингвистік құбылыстар студенттер тілінің кәсіби тұрғыда дамуына кесірін тигізеді деген де тұжырымдар бар. Ал, оның шешімі ретінде бүгінгі таңда жоғары оқу орындарында оқытылып жатқан кәсіби қазақ тілі пәні деп таптық.

А.М. ЗАЙНУЛЛИН,
2018 жыл түлегі

Пример позитива и креатива

Наверняка, многие студенты нашего университета знакомы с этой жизнерадостной, позитивной девушкой, которая всегда идет впереди всех и достигает огромных вершин. Зовут ее Кемешова Айша Амангельдиевна.

Айша – студентка 4 курса филологического факультета. На данный момент является одной из обладательниц стипендии им. Первого Президента РК Н. А. Назарбаева. В 2017 году она стала лучшей в ежегодном конкурсе «БҚМУ жұлдызы»/«Звезда ЗКГУ» в номинации «Үздік тілші»/«Лучший корреспондент», приуроченном к 26-летию Независимости РК. Окончив школу со знаком Алтын Белгі и поступив на обучение в ЗКГУ имени М. Утемисова, Айша с первых дней активно проявила себя в стенах родного альма-матер.

Я родилась 24 января 1998 года в райцентре Таскала Таскалинского района ЗКО, окончила Григорьевскую среднюю школу Бурлинского района. Сейчас являюсь студенткой 4 курса филологического факультета, специальности «филология: русский язык».

Айша, как я знаю, ты набрала высокие показатели на ЕНТ и являешься обладательницей знака АБ. У тебя была прекрасная возможность поступить на обучение в ведущие вузы нашей страны, такие как ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, КазНУ им. Аль-Фараби. В чем причина твоего выбора ЗКГУ и данной специальности?

Если честно, подобные вопросы мне задают часто. Вообще, я считаю, что все в руках человека, ничего не зависит от его социального положения, образования, профессии. При выборе университета я, конечно же, учитывала престиж и уровень знания вузов и хочу отметить, что наш ЗКГУ ничем не отстает от столичных вузов и считается старинным учебным заведением с богатой историей, выдающимися выпускниками и доброй атмосферой. Конечно, одной из основных причин является то, что я не хотела уезжать из города, так как здесь мои родители, родственники, друзья, наставники. И я посчитала, что могу развиваться и учиться и здесь, а не далеко от семьи. На данный момент я вовсе не жалею о своем выборе. За эти три с половиной года я обогатила свой багаж знаний, познакомилась с разными интересными и креативными людьми, а самое главное, построила незабываемые и прекрасные студенческие годы. Безусловно, для каждого из нас определиться с профессией является трудным выбором. Со школьных времен мне нравилось читать классическую литературу, как русскую, так и казахскую. Плюс мои родители являются учителями, и их пример всегда был передо мной.

На третьем курсе ты удостоилась номинации «Үздік тілші»/«Лучший корреспондент». С чего начинались твои первые шаги в журналистику? Хочешь ли ты в дальнейшем связать свое будущее с этой профессией?

Писать статьи в школьные и районные газеты я начала со школьных времен. Но тогда я писала не с таким увлечением

как сейчас, а просто – о мероприятиях, которые проходили у нас в поселке или в школе. На первом курсе, бывший декан нашего факультета, Абат Сатыбаевич увидел во мне эту журналистскую хватку, мою мобильность, правильное изложение мыслей и посоветовал



публиковаться в университетской газете «Өркен». И тогда я узнала об этой газете. Как-то раз, бывший редактор газеты, Марта Орынбасаровна, пригласила меня, чтобы задать вопросы для интервью как обладательнице Алтын Белгі. Мы побеседовали с ней, я ответила на все ее вопросы. И тогда она предложила мне опубликовать статью, конечно же, если это мне интересно. И так, на первом курсе, а именно с октября месяца я стала постоянным корреспондентом нашей газеты. Это было для меня большой радостью и стимулом еще больше двигаться дальше. Насчет второго вопроса, я не могу сказать точно. Вообще, если честно, я не очень-то люблю говорить о своем будущем. Но пробовать себя в этом направлении я буду всегда.

У тебя очень активная студенческая жизнь. Кроме общественных дел университета и учебы, ты пишешь статьи в областной газете «Приуралье», являешься ведущей многих мероприятий. Поделись



советом, как ты все успеваешь?

Я обожаю сцену, я не могу жить без сцены. (смеется) Когда поступают предложения быть ведущей какого-то мероприятия и выступить на сцене, я сразу бросаю все дела. Как бы странным это не звучало, но я получаю огромный поток энергии, находясь на сцене. Я думаю, что чем больше человек работает, тем больше он получает энергии. Я не говорю, что я работаю, я просто делаю то, что мне действительно нравится. Конечно же, не забываю и об учебе. Я думаю, если человек захочет, то он успеет все. Возможно, иногда я что-то упускаю, но сейчас я делаю то, что действительно мне по душе. Я думаю, что можно успеть все. Обычно я составляю свой распорядок дня, перед сном пишу планы на следующий день. И это, кстати, реально помогает правильно использовать свое время.

Кем и в какой сфере жизнедеятельности ты видишь себя через 5 лет?

(Смеется) Мне тоже очень интересно, какой я буду через 5 лет. Я не люблю делиться своими планами на будущее, потому что они могут измениться. Если честно, я еще не определилась со своей будущей работой, не знаю кем я буду. Вообще наша специальность широкопрофильная, очень интересная. Мы можем быть учителями. Например, я люблю детей. Мои родители – учителя, с одной стороны, я хочу пойти по их стопам, т.е. преподавать. В то же время я хочу заниматься журналистской деятельностью, потому что я люблю писать, общаться с интересными людьми. Думаю, что общественные дела – это то, что мы вносим вклад в развитие города, области, это тоже интересно. Да, возможно, что-то еще изменится, что-то добавится, но это уже дело времени. Время покажет...

Құттықтау!

Педагогика саласының,
БҚМУ-дың ардагер ұстазы,
ардақты құдағиымыз, қазіргі таңда
Астана қаласының тұрғыны
Сұлушах Сүндетқалиқызы
Құлмалиеваны
мерейлі туған күнімен
шын жүректен құттықтаймыз!



Тілейміз таусылмас бақ, асқақ арман,
Нұрын төкін әрқашан сізге Аллам.
Жанұя мен бауырлардың ортасында,
Жүре бер тек күлімдеп, әркез аман.

Ізгі ниетпен: құдаңыз Бауыржан мен
құдағиыңыз Үесіла

Теперь хочу тебе задать мой традиционный вопрос: Самая большая возможность, которую подарил тебе наш университет?

Есть такая фраза Президента США А. Линкольна: «Надо думать не то, что сделает Родина для тебя, а то, что ты сделаешь для Родины». Точно также в университете. Надо думать о том, что ты сделаешь для университета, какой внесешь вклад в его развитие. ВУЗ дал мне очень много возможностей, например: поездка в Астану на конференцию, на разные олимпиады, номинация на премию ЗКГУ. Если мы все вместе будем работать во благо университета, то мы непременно возвысим его.

Да, конечно, студенческая жизнь очень интересна, у нее много разных интересных моментов.

Твои пожелания первокурсникам...

Мечтайте! Мечтайте всегда! Надо засыпать с мечтой и просыпаться с целью. Не сомневайтесь в своей мечте! Самое главное делайте то, что хотите, что любите. Всегда будьте на позитиве. Всегда будьте жизнерадостными, какие бы не были у вас преграды, неудачи. Всегда верьте в себя, верьте в лучшую жизнь. Есть такие слова: «Вся дорога открывается тому человеку, который знает куда идет». Уже сейчас, с первого курса, знайте куда идти. Знайте, что вы хотите от жизни и таким образом воплощайте свои мечты в реальность. Любите друг друга, любите жизнь, любите все, что вас окружает. Помогите друг-другу, творите добро. Не буду говорить, что надо работать, учиться, трудиться... Это само собой, разумеется.

Спасибо за интересное интервью!
Желаю тебе успехов!

Алтынгуль ДАУЛЕТБАЕВА,
фил/п-32

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемисов атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік
университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Таралымы 800.

РЕДАКТОР:

Назар Каленович КУАНГАЛИЕВ

ТІЛШІЛЕР: Сая ДҮЙСЕНБАЙ, Алтынгуль ДӘУЛЕТБАЕВА,
Айша КЕМЕШОВА, Ақкенже БЕРКЕНОВА

Корректор: Ақзия Әділқызы НИЯЗҒАЛИЕВА

БЕТ ҚУРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және
графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.
«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3.
Тел.:50-41-46